



БҰЙРЫҚ

29 тамыз 2023

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 385

город Караганда

**Қарағанды қаласының
білім беру ұйымдарының
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 24.05.2021 жылғы №231 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ -16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, 2023 жылғы 3 тамыздағы №1 жұмыс тобының хаттамасына және Қарағанды облысы білім басқармасының 2023 жылғы 11 тамыз №411 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу және тәрбие жұмысын үйлестіру секторына (Аульбекова Ш.Д):
 - 1.1. 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.
 - 1.2. Ыстық тамақтандырумен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар жалпы орта білім беру ұйымдары басшыларының назарына жеткізілсін.
2. Жоспарлау-экономикалық бөліміне (Ахметова М.М.):

қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына сәйкес ұйымдастырылсын.


5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды басшының орынбасары Н.Головинаға жүктелсін.

Басшы




Е.Әшім

Келісілді:
Басшының орынбасары



Н.Головина

орынд. А. Есенбекова





БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 ж. 11 тамыз

Қарағанды қаласы

№ 411

город Караганда

Қарағанды облысының
білім беру ұйымдарының
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және 2023 жылғы 3 тамыздағы №1 жұмыс тобының хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды облысының білім басқармасының білім бөлімдеріне:

1) 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11-сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

002189

2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.

3) Қалалық жерде орналасқан білім беру ұйымдарының асханаларында ата-аналар төлемі есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылсын.

2.Мамандандырылған музыка мектеп-интернатына:

1) 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1-4 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

3. Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының жетекшілік ететін орынбасары Б. Адекеноваға жүктелсін.

Қарағанды облысының
білім басқармасының
басшысы



Handwritten signature of F. Kozhakhmetova

Г. Қожахметова

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№16 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА №
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА КАРАГАНДЫ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.09.2023

Қарағанды қаласы

№ 100

город Караганда

Тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» Заңының 6-бөлімі, 43 бабы, 3 тармағының, 11 тармақшасына, «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына толықтырулар енгізу туралы, ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 22 ақпандағы №255 қаулысы, «Қарағанды облысы Білім басқармасы» ММ 2023 жылғы 11 тамыздағы №411 бұйрығы, «Қарағанды қаласы білім бөлімі» ММ 2023 жылғы 29 тамыздағы №385 бұйрығы негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айының 1-нен бастап мектеп оқушыларына асханада ыстық және буфеттік тамақтандыру ұйымдастырылсын.
2. 1-4 бастауыш сынып оқушылары аптасына 5 күн бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтылсын.
3. 5-11 сыныптар арасында әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларын жалпыға міндетті оқу қорынан тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы құжаттар заңнамаға сәйкес жүргізілуіне жауапты әлеуметтік педагог Г.Т.Бакеловаға жүктелсін.
4. «Жалпыға міндетті оқу қорынан» уақытылы қаржының бөлінуін қамтамасыз етіп отыру бас бухгалтер З.М.Мухтароваға жүктелсін.
5. Оқушылардың күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау, ас блогының паспортын дайындап бекіту тәрбие ісінің орынбасары Ж.О.Ораловаға жүктелінсін.
6. Айына екі рет мектеп асханасы, оқушылардың тамақтану жағдайын тексеру, акт толтыру мониторингтік комиссия мүшелеріне жүктелінсін.
7. Мектептің асханасында күнделікті оқушылардың тамақтану жағдайын тексеру бракераждық комиссия мүшелеріне жүктелінсін.
8. Мектеп оқушыларына арналған ыстық және буфеттік тағамдар ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын

001565

бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына толықтырулар енгізу туралы, ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №326 қаулысына сәйкес ұйымдастырылсын.

9. Бастауыш сынып оқушыларына және 5-11 сыныптың әлеуметтік қорғалмаған отбасы оқушыларына арналған Білім бөлімінен келген екі апталық перспективалық және мектеп директорымен бекітілген ас мәзірін ұстану.

10. Оқушыларға құрамында сергіткіш компоненттері бар сусындары, газдалған және алкогольсіз энергетикалық сусындарды сатпау тиыс салынсын.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау тәрбие ісінің орынбасары Ж.О.Ораловаға жүктелсін.

Директор



С. Изтулеова

Бұйрықпен таныстым:

Ж.О.Оралова

